

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Хабарландыру дегеніміз – мекемелердің, ұйымдардың атынан оның мүшелеріне алдағы болатын іс- шаралар туралы хабарлап жеткізетін іс- қағазының бір түрі.

Хабарландыру!

«Ақниет» АҚ рекрутинг бөлімінің офис- менеджері қызметінің бос орына конкурс жариялайды.

Конкурс 15 ақпан күні, сағат 09.00 –де «Ақниет» АҚ филиалында тест негізінде өткізіледі.

Талаптар:

1. Жұмыс өтілі 2 жылдан кем емес;
2. Жасы 22- тен 25-ге дейін;
3. Жеке куәлік, ӘЖК (СИК), еңбек кітапшасы;
4. 6 дана 3x4 суреті;

Міндетті түрде болуы керек

Байланыс тел: 8 72 73 54 85 79

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Жұмысқа орналастыру жөніндегі агенттіктер мен бюролар назарына.

«Дат-телеком» АҚ-ның Алматы қаласында филиалының ашылуына байланысты мынадай бос орындар бар:

- бөлім басшысы;
- менеджер;
- IT маманы;
- компьютерлік бағдарламалар маманы;
- хатшы - референт;

Кандидаттарға қойылатын негізгі талаптар:

• Бос орындарға мамандық бойынша жоғары білімі, техникалық жағынан, нормативті-техникалық және басқа да құжаттама түрлерін әзірлеумен айналысатын мол іс-тәжірибесінің болуы;

• Қарым-қатынасқа бейімділіктің болуы.

• Microsoft Office (Word, Excel, Autocad) бағдарлама пакеттерін, ЭҚА (электронды құжат айналымы) білу.

• Құжат айналымы және іс жүргізу негіздерін білу.

Жұмысқа орналасу мәселелері жөнінде мына телефондарға хабарласуға болады:

8 7273 45 78 96, факс:8 7273 457595.

Хабарландыру!!!

Бүгін, 14 желтоқсан күні – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесін атап өтудің салтанатты кеші болады.

Бағдарламада:

Студенттердің қатысуымен мерекелік саханалы көріністері болады.

Кешке арнайы шақырылған қонақтар қатысады.

Баршаңызды игі шараға шақырамыз.

Өтетін орны:

14.12.2016. Сағат 16.00. Конференц зал.

Жастар комитеті

Хабарландыру!

Экономика факультетінің 2 курс студенттері Алматы қаласында өткізілген жастар арасындағы футболдан алған бірінші жүлделі орындармен құттықтай отырып, үлкен жетістіктерге жете берулеріне тілектеспіз.

Университет әкімшілігі

Хабарландыру!

Алтай ықшам ауданында су құбырларын жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты ағымдағы жылдың 7 қыркүйегі мен 9 қыркүйегі аралығында су беру тоқтатылады.

Алтай ықшам ауданының коммуналды шаруашылығы